

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы



№1 педагогикалық кеңесте бекітілді

« 31 » тамыз 2023 жыл

Ш.С.Таженова



«Балапан» кіші тобының 2023-2024
оқу жылында жүргізілетін ұйымдастырылған іс-әрекетінің
перспективалық жоспары

Тәрбиешілері: Елубасва А.К
Актілеу Б.Б

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы Қыркүйек айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек айы	Дене шынықтыру	Жүру. Өртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүру дағдысын жетілдіру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен жүру дағдысын жетілдіру. Жүгіру. Біркалыпты, шашырап жүгіру дағдысын жетілдіру. Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың үстінен еңбектеу дағдысын жетілдіру. Домалату, лақтыру. Екі қолмен дөпті лақтыру дағдысын жетілдіру. Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге дағдысын жетілдіру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; Арканың бұлшық еттерін және омыртканың иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Орнында жүру. Бастапқы калыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға ықылас танытуға баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.

Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс қайталап айтуға үйрету. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс білдіретін сөздерді атауға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларға зат есімнің көпше түрін қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге дағдыландыру.
Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу.
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.
Қоршаған ортамен таныстыру	«Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Көлік. Көліктер туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Адамгершілік тәрбиесі. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Табиғат әлемі. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру.
Құрастыру	Жеке жиһаз заттарын түрлі нұсқада құрастыру, бірден екі-үш құрылысты тұрғызу (үстел және орындық, үстел және диван), құрылыстық қасиетін ескере отырып, материалды таңдау. Құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолдана отырып, оларды ойнату және тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу.
Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жарту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімеіз) үйрету.
Музыка	Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы Қазан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекетінің міндеттері
Қазан айы	Дене шынықтыру	Жүру. Шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүру дағдысын жетілдіру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Гимнастикалық скамейканың үстімен жүру дағдысын жетілдіру. Жүгіру. Берілген бағытта жүгіру дағдысын жетілдіру. Еңбектеу, өрмелеу. Көлбеу тақтайдың бойымен еңбектеу дағдысын жетілдіру. Домалату, лақтыру. Әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастанқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) допты лақтыру дағдысын жетілдіру. Секіру. Алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге дағдысын жетілдіру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, нық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: қолды кеуде тұсында айкастыру және екі жаққа жазу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: алға және екі жаққа еңкею. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Қимылды ойындар. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру) жетілдіру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Еліктеу сөздерін дұрыс қайталап айтуға үйрету. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын: жиназ, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын атауға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларға сын есімді зат есіммен дұрыс айтылуын үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға дағдыландыру.

Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйретуге жалғастыру.
Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау. Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу) белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу. Көлік. Көлік туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Еңбекке баулу. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Адамгершілік тәрбиесі. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; Табиғат әлемі. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.
Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (күм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.
Сурет салу	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.
Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табакты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (карама-қарсы түстер) үйрету.
Музыка	Қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру

**Мектенке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектенке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы Қараша айы

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекетінің міндеттері
Қараша айы	Дене шынықтыру	Жүру.Шеңбер бойымен бір-бірінің қолдарынан ұстап жүру дағдысын жетілдіру. Тене-теңдік сақтау жаттығулары. Заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге); тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу дағдысын жетілдіру. Жүгіру. Әртүрлі қарқынмен жүгіру дағдысын жетілдіру. Еңбектеу, өрмелеу. Доғаның бойымен еңбектеу дағдысын жетілдіру. Домалату, лақтыру.Отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату дағдысын жетілдіру. Секіру. 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге дағдысын жетілдіру. Жалны дамытушы жаттығулар. Қолдың билектерін, нық бедеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Аяқтың өкшесін алға қою. Қимылды ойындар. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүгіру) жетілдіру. Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға үйрету.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын: көлік құралдарын атауға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Етістіктің өткен шағымен байланыстыруға үйрету.

	Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.
Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.
Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртүрлі заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.
Қоршаған ортамен таныстыру	Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру. Заттық әлем. Белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату) орындауға баулу. Көлік. Көше туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару үйрету. Адамгершілік тәрбиесі. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға үйрету. Табиғат әлемі. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (козы, лақ, бота) таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу.
Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.
Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды ұмаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.
Мүсіндеу	Кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру.
Музыка	музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін

	ажырата білу. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу.
--	--

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

**2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай-баалабақшасы

Топ/сынып: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы Желтоқсан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекетінің міндеттері
Желтоқсан айы	Дене шынықтыру	Жүру. Аяқтың ұшымен жүру дағдысын жетілдіру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): күрсаудан күрсауға аттап өту дағдысын жетілдіру. Жүгіру. Заттардың арасымен жүгіру дағдысын жетілдіру.

	Еңбектеу, өрмелеу. Гимнастикалық скамейканың астынан еңбектеу дағдысын жетілдіру. Домалату, лақтыру. Екі қолмен допты лақтыру дағдысын жетілдіру. Секіру. Еденде жатқан секіргіштен аттап секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, нық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; Арканың бұлшық еттерін және омыртканың иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Шалкасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). Қимылды ойындар. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (лақтыру) жетілдіру. Спорттық жаттығулар. Шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шамамен сырғанатуға үйрету.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын: жеке бас гигиенасы заттарын атауға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым неғұрлым күрделі сұрақтарға (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.
Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
Сенсорика	Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық әлем. Белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (машинаны итеру) орындауға баулу. Көлік. Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру Еңбекке баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Адамгершілік тәрбиесі. Бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Табиғат әлемі. Аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер,

	кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыруға жалғастыру.
Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйретуге жалғастыру. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйретуге жалғастыру.
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйретуге жалғастыру.
Музыка	Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы Қыңтар айы

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекетінің міндеттері
Қыңтар айы	Дене шынықтыру	Жүру. Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру дағдысын жетілдіру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру дағдысын жетілдіру. Жүгіру. Аяқтың ұшымен, жүгіру дағдысын жетілдіру. Еңбектеу, өрмелеу. Өртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу дағдысын жетілдіру. Домалату, лақтыру. Өртүрлі тәсілдермен өртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру дағдысын жетілдіру. Секіру. Лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, нық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; Арқаның бұлшық еттерін және омыртканың нілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Қимылды ойындар. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (домалату) жетілдіру. Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға үйрету.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Сөздік қор. Еңбек әрекетін (жуу, суару, құю) атауға үйрету.

	Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздердің дұрыс айтылуын үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді карау, ондағы таныс заттарды атауға үйрету.
Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйретуге жалғастыру.
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.
Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық әлем. Белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (қуыршақты жатқызу) орындауға баулу. Көлік. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Адамгершілік тәрбиесі. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Табиғат әлемі. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел.
Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды карама-карсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.
Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табакты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйретуге жалғастыру.
Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (карама-карсы түстер) үйретуге жалғастыру.

	Музыка	Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.
--	--------	---

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай-базабақшасы

Топ/сынып: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы Ақпан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекетінің міндеттері
Ақпан айы	Дене шынықтыру	Жүру. Белгі бойынша тоқтап жүру дағдысын жетілдіру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Орнында баяу айналу дағдысын жетілдіру. Жүгіру. Белгі бойынша тоқтап жүгіру дағдысын жетілдіру. Еңбектеу, өрмелеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге өрмелеу дағдысын жетілдіру. Домалату, лақтыру. Отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату дағдысын жетілдіру. Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге үйретуге жалғастыру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, нық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: қолды артқа қою оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртканың иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Қимылды ойындар. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру, аю сияқты қорбаңдап жүру). Спорттық жаттығулар. Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс қайталап айтуға үйрету. Сөздік қор. Еңбек әрекетін қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кино-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу. Педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?».
	Көркем әдебиет	Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы

	тыңдау.
Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық әлем. Белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. Көлік. Көліктер туралы түсініктерді қалыптастыру Еңбекке баулу. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Адамгершілік тәрбиесі. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру. Табиғат әлемі. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау.
Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұзындылықпен жинау.
Сурет салу	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.
Мүсіндеу	Кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұтырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйретуге жалғастыру.
Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, дөңгелектерді, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру.
Музыка	Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы Наурыз айы

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекетінің міндеттері
-----	-------------------------------	--

Дене шынықтыру.	Жүру. Иректелген денаның бойымен жүру дағдысын жетілдіру. Тене-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызыктармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен жүру дағдысын жетілдіру. Жүгіру. Бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру дағдысын жетілдіру. Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың үстінен өрмелеу дағдысын жетілдіру. Домалату, лақтыру. Екі қолмен допты лақтыру дағдысын жетілдіру. Секіру. Алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге үйретуге жалғастыру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Алға және екі жаққа еңкею. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Аяқтың өкшесін алға қою. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегісіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше ролді басқаруға үйрету.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Сөздік қор. Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларға зат есімнің көпше түрін қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.
Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.
Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Көлік. Көше туралы түсініктерді қалыптастыру.

	Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Адамгершілік тәрбиесі. Бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Табиғат әлемі. Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.
Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.
Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды ұмаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.
Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйретуге жалғастыру.
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.
Музыка	Ән айту. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылықты дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы Сәуір айы

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекетінің міндеттері
Сәуір айы	Дене шынықтыру	Жүру. Өртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүру дағдысын жетілдіру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Гимнастикалық скамейканың үстімен жүру дағдысын жетілдіру. Жүгіру. Бағытты өзгертіп жүгіру дағдысын жетілдіру. Еңбектеу, өрмелеу. Көлбеу тақтайдың бойымен еңбектеу дағдысын жетілдіру. Домалату, лақтыру. Өртүрлі тәсілдермен өртүрлі бастанқы калыпта 0,5-1,5 метр

	арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) допты лақтыру дағдысын жетілдіру. Секіру. 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге үйретуге жалғастыру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, нық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның нiлгiштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). Қимылды ойындар. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру) жетілдіру. Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегіңсіз тұсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше ролді басқаруға үйрету.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Сөздік қор. Топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларға сын есімді зат есіммен дұрыс айтылуын үйретуге жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге дағдыландыру.
Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
Сенсорика	Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу) белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу. Көлік. Жол туралы түсініктерді қалыптастыру. Еңбекке баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Адамгершілік тәрбиесі. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Табиғат әлемі. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.

Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (күм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.
Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйретуге жалғастыру. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйретуге жалғастыру.
Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, дөңгелектерді, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру.
Музыка	Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы Мамыр айы

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр айы	Дене шынықтыру	Жүру. белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. Тене-тендік сақтау жаттығулары. тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. Жүгіру. жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Еңбектеу, өрмелеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге өрмелеу Домалату, лақтыру. түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа дөңгелектерді домалату, дөңгелектерді бір-біріне домалату. Секіру. лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.

	Жалпы дамытушы жаттығулар. қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Тізерлен тұрып, өкшеге отыру және тұру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). Қимылды ойындар. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу: ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру
Сөйлеуді дамыту	1 Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Сөздік қор. Балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру Тілдің грамматикалық құрылымы. Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
Сенсорика	Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру. Заттық әлем. Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану. Көлік. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Еңбекке баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Адамгершілік тәрбиесі. Ата-аналарын сыйлауға баулу. Табиғат әлемі. Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру.
Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.

Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және түйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету
Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, дөңгелектерді, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру.
Музыка	Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу